

ҚОС МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



ТУРПАЖ- ҚАЗАЛЫ

№39
(2210)
Сейсенбі
7 мамыр
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫ!



Құрметті қазалылықтар!

Қарулы Күштер жауынгерлері мен ардагерлері!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен және Қазақстан Қарулы күштерінің құрылғанына 32 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Әрбір Тәуелсіз мемлекеттің ең басты мақсаты – елтыныштығын қорғау, мемлекет тұтастығын сақтау. Сондықтан да бұл күн – Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, айбынды әскеріміздің атағын асқақтатқан, мемлекетіміздің қуатын айғақтайтын күн.

Осыдан 32 жыл бұрын, 1992 жылғы 7 мамырда Ұлттық Қорғаныс Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойылды. Сол уақыттан бері бұл Отан үшін қалтқысыз қызмет ететін рухы мықты, ержүрек азаматтардың мерекесіне айналды.

Қазақстанда еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға, заманауи және кәсіби армия құруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету әрбір қазақстандықтың құрметті міндетіне, аға буынның ерлік және жауынгерлік дәстүрлеріне негізделген патриотизмнің адамгершілік мектебіне айналды.

Баршаңызды осынау мерейлі мереке – Отан қорғаушылар күнімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, елімізге береке-бірлік тілеймін!

Ержүрек ерлеріміздің бұл мерекесі елімізге әрдайым қуаныш пен бейбіт күн әкелсін. Аспанымыз ашық, бейбіт өміріміз баянды болсын!

Ізгі ниетпен,
Қазалы ауданының әкімі
Мейрамбек Шермағанбет

Құрметті соғыс ардагерлері, тыл еңбеккерлері!

Қадірлі жерлестер!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін адамзат тарихына өшпес сызат қалдырған екінші дүниежүзілік соғыс дүмпуі басылып, Ұлы Жеңістің салтанат құрғанына 79 жыл толды. Бірақ, сол сұрапыл жылдардың естеліктері жадымыздан өшкен жоқ, қайта жыл өткен сайын ұрпақтан ұрпаққа, жүректен жүрекке жетіп, жадымызда жаңғыра түсуде.

Бұл мереке – соңғы демі қалғанша күрескен жанқиярлық ерліктің нәтижесі, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі. Бүгінгі Тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі де Ұлы Жеңістің жемісі.

Біз бейбіт өміріміз бен бостандығымыз үшін күрескен ардагерлердің, тыл еңбеккерлерінің, әкелеріміз бен аналарымыздың, аталарымыз бен бабаларымыздың алдында басымызды иеміз.

Қазалы ауданынан Ұлы Отан соғысына 11 мыңға жуық адам аттанып, оның тек 6 мыңы ғана туған жерге оралды.

Майданда өліммен бетпе-бет келіп, жеңіске жеткен, тылда күн-түн демей еңбек етіп, соғыс ауыртпалығын бөліскен сол бір аяулы жандар қатары, өкінішке қарай, уақыт өткен сайын азайып барады.

Жеңіс пен бейбітшілікке лайықты ұрпақ бола білу, қол жеткен жетістіктердің бағасын біліп, оны еселей түсу – біздің басты міндетіміз.

Ардақты ағайын!

Халқымыздың шексіз қаһармандығы мен мұқалмас жігерінің үлгісі болған Ұлы Жеңіс туы мәңгі желбіреп, еліміздің даңқы арта берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт тілеймін!

Ізгі ниетпен,
Қазалы ауданының әкімі
Мейрамбек Шермағанбет

ОТАН ҚОҒАУШЫЛАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қазақстанның әрбір азаматының басты парызы-Отанын қорғау.

Мамыр айының 7-ші жұлдызына тұспа-тұс келетін Отан қорғаушылар күні қайсар мінезді ата-бабаларымыздың ержүрек жауынгерлік дәстүрінің жалғасын тапқан мереке.

Бұл мерекеде әскери қызметкерлер мен әскер қатарындағы сарбаздар сап түзеп, әскери парадтар ұйымдастырылып, мерекелік шаралар өткізіледі.

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні ерліктің, ар-намыстың, батылдық мен қайтпас қайсарлықтың символы. Отанға

адал қызмет ету барша азаматтың қасиетті борышына, абыройлы ісіне айналуға тиіс. Тәуелсіздігіміздің тұғырының биік, көк байрағымыздың еркін қалықтауы ер азаматтарымыздың қолында.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен отанды қорғап, жан аямай еңбек етіп жүрген

барлық отан қорғаушыларды, еліміздің барша білекті де жүректі ер азаматтарын шын жүректен құттықтаймын! Әрқашан еңбектеріңіз табысты болсын! Еліміздің еңсесі биік, туымыздың тұғыры берік болғай!

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

● Көктемгі көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық айлығы қалай жүргізілуде?

ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНДА ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛІП КЕЛЕДІ

Қазалы қаласында көгалдандыру, санитарлық тазалық, сенбілік жұмыстары белсенділікпен атқарылуда.

Қала тұрғындары жыл сайын көктем және күз айларында көркейту, көгалдандыру жұмыстарына ұйымшылдықпен қатысуда. Биылғы жылы да аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің тапсырмасына сәйкес тазалық жұмыстары қолға алынды.

Наурыз айынан бастау алған тазалық жұмыстары Қазалы қаласында қарқынды жүргізілуде. Қаланың тазалығы үшін қала тұрғындары мен барлық мекемелер белсене атсалысуда. Көшелерге көшеттер отырғызылып, жарық бағаналары мен жасыл желектер әктеліп, сырланып, көшедегі арық бойлары қысқы жиналған қоқыстар мен қалдықтардан тазартылуда.

Санитарлық тазалық айлығы басталғалы бері қаладағы ветеринариялық пункт, қалалық кітапхана, қалалық емхана, қала әкімдігі және балабақшалар, мектептер мен 23 мекеме санитарлық тазалық жұмыстарына қатысып, осы уақытқа дейін 9 сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Әр апта сайын ұйымдастырылып келе жатқан сенбілік жұмыстарын Қазалы қаласының әкімі Қайрақбай Орынбасаров, көше комитетінің төрағасы Темірбек Исмаилов, жергілікті қоғамдастықтың төрағасы Самат Мусатов қадағалап, тұрғындарды тазалық сақтауға шақырды.

Сонымен қатар, апта сайын өткізіліп жатқан сенбілік жұмыстарына қала әкімшілігінің маманы Нұржан Төлеміс мониторинг жүргізіп келеді.

Қазалы қаласы бойынша тазалық жұмыстары 3 аймаққа бөлініп атқарылуда.

3 аймақтың тазалығын қалалық учаскелік инспекторлары: Нұрбол Есетов, Жасұлан Нұрғалиев, Дастан Бақбергенов қадағалап, тазалық сақтамаған



тұрғындарға ескерту жасап, тиісті шаралар көруде.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта 3 аймақ бойынша 21 жеке тұрғынға ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 505-бабына сәйкес әкімшілік хаттамалар толтырылып, ескерту түріндегі шаралар көрілді. Сонымен қатар, бейнебақылау камераларының көмегімен белгіленбеген

орынға қоқыс тастағаны үшін 2 тұрғынға және үй жануарларын қараусыз жіберген 4 тұрғынға айыппұл салынды.

Қазіргі таңда Қазалы қаласының тазалық жұмыстары үшін «Қазалы келбеті» СТК мекемесінің көмегімен 4 техника, оның ішінде 1 трактор, 2-Газ 53 машинасы, 1-погрузчик техникалары жұмылдырылып, жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ, тазалық айлығы басталғалы F.Мұратбаев атындағы саяжай, Орталық алаң, Қорқыт ата көшелеріне 1660-қа жуық көшет отырғызылып, сәуір айының 20-нан бастап көшелерге аяқ су берілді.

Жасыл желек отырғызу адамның таза ауамен еркін тыныстауына жақсы әсер ететіні сөзсіз.

Әр апта сайын өткізілетін сенбілікке қала тұрғындары мен мекеме қызметкерлері, белсенді жастар ерікті түрде қатысып, қаланы көркейтуге өз үлестерін қосып келеді.

Қала келбеті тек сәнді де сәулетті үйлермен, жасыл желекті саябақтармен

өлшенбейді. Қаланың таза болуы әрбір адамның тазалық жұмыстарына сүйіспеншілігі мен жанашырлығын қажет етеді. Өз аулаңды таза ұстау, санитарлық талап қана емес, мәдениет пен талғамның белгісі.

10 мыңға жуық тұрғыны бар Қазалы қаласының қазіргі таңда барлық көшелері тазаланып, ретке келтіріліп, тазалыққа жұмыла атсалысқан қала тұрғындарының арқасында көрікті қалаға айналууда. Дегенмен де сол әдемілікті сақтау өз қолымызда.

Қазіргі уақытта қала көшелерінің тазалығына көңіл толады. Қалаға жанашыр, көшені, ауланы көркейтуге атсалысатын тұрғындардың да бары рас. Әйтсе де өкінішке орай, ондай жандардың қатары көп емес. Әрбір адамның жүрегінде туған өлкесіне деген жанашырлық пен қамқорлық болса екен.

Таза қала-өмір сүріп жатқан тұрғындардың айнасы. Сондықтан тазалыққа мұқият қарап, көшеде кетіп бара жатқанда қолымыздағы керек емес қалдықтарды мүмкіндігінше арнайы контейнерлерге салып дағдыланғанымыз абзал.

Қазіргі таңда ұжымдардың аулалары мен қатар 49 көшеде көктемгі көгалдандыру, санитарлық жұмыстары жүргізілуде. Сондықтан қаладағы ұжым қызметкерлері мен тұрғындарын баршамызға ортақ тазалық жұмыстарына біркісідей атсалысуға шақырамыз.

Қала көркі-барша халықтың абыройы екенін әсте ұмытпайық.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**



МЕН МАЙДАНГЕРДІҢ ШӨБЕРЕСІМІН



Менің әкемнің әкесінің әкесі Жақсыбай Қонақов деген кісі 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1943 жылы жеңіл, 1945 жылы орта дәрежелі жаудың оғынан жарақат алып әскери госпитальда емделіп, соғысты жалғастырғаны жайлы әскери билетінде көрсетілген.

«Ленинградты алғаны үшін», «Сталинградты алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медалдарымен, «Бреслевль бекінісін алғаны үшін» Бас қолбасшы И.В.Сталиннің алғыс хатымен марапатталған. Ұлы Отан соғысының II-дәрежелі орденін алып, әскерден кіші сержант шенімен 1945 жылдың тамызында

елге оралған. Жеңіс салтанатын Германияның астанасы Берлинде тойлаған.

Елге келген соң Қожабақы, Абай, Сталин колхоздарында еңбек етіп, егін еккен, бақташы, шопан болған. Бейбіт замандағы ерен еңбектері ескеріліп В.И.Лениннің 100 жылдық мерекелік, еңбек ардагері медальдарымен қатар Ұлы Жеңістің 30, 40 жылдық мерекелік медальдарын иеленген.

Бұл кісі жайлы Алматыда тұратын шежіреші Айтенов Мырзағұл атаның «Шөмекейлер шежіресі» кітабында, өзімнің атам Беганыштың «Менің әкем майдангер» кітапшасында жазылған.

Жақсыбай атамның 8 ер, 2 қыз баласынан тараған ұрпақтары Қазалыда, Қ.Пірімов, Ақай ауылдары мен Байқоңыр, Астана, Алматы, Қызылорда қалаларында өніп-өсіп жапырақтарын жайып жатырған жайы бар.


Атам 1996 жылдың 12-ші сәуірінде космонавтар күні 93 жыл өмір сүріп бақилыққа аттанып, Қ.Пірімов аулындағы «Көбек төбе» қорымынан мәңгілік мекенін тапты.

Мен ғасыр жасаған соғыс және еңбек ардагерінің шөбересі екенімді мақтан тұтамын. Тегім Жақсыбай болғандықтан Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 79 жыл мерекесіне орай атамды еске алып отырған жайым бар.

Гүлбибі ЖАҚСЫБАЙ,
Қызылорда қаласындағы
М.Мәметова атындағы
жоғары педагогикалық
колледждің ағылшын пәні
бойынша
1-ші курс студенті

● 7-9 мамыр – Отан қорғаушылар және Жеңіс мерекелеріңізбен!

МЕНИҢ АТАМ – ТЫЛ АРДАГЕРІ



«Тылдағы еңбек болмаса, майдандағы жеңіс те болмас еді». - Бауыржан Момышұлы

Соғыс. Зұлматы мен қасіреті естен кетпес осы бір алапат кезең ерлердің бірін майданда шынықтырса, бірін тылдағы еңбекпен шыңдады. Майдангерлер ақтық демі қалғанша өмір мен өлімнің ортасында жан аямай күрессе, тылдағы ел азаматтары ауыл шаруашылығында тынбай еңбек етті. Олардың мақсаты біреу ғана болды. Ол қан майданда етігімен қан кешкен майдангерлерге көмек, күш-жігер беріп, жеңісті жақындату еді.

Тыл ардагерлері. Бұл кісілер тарихта еңбегімен еленіп, өшпес таңба қалдырғандар. Тыл

ардагерлері жеңісті жақындатуға барынша күшін салды. Күн-түн демей елде қалған әйелдер мен бала-шағаға бас-көз болып жүріп, соғысқа кеткен ер азаматтардың тілеуін тілеп, еңбекпен біте қайнасты. Міне, осындай жеңісті көруге асыққан, жақындатуға тырысқан жандардың бірі – менің атам Пірімбетов Әбсаттар. Атам 1901 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданына қарасты Мұратай елді мекенінде дүниеге келеді. Сұм соғыс басталғанда 40 жаста болыпты. Сол бір қаһарлы кезеңде балық шаруашылығымен айналысып, майданға тонналап құс, балық жөнелтеді.

Отбасында 6 ұл, 6 қызды тәрбиелеп, отты жылдарда қажыр-қайратымен елге көмек көрсеткен менің атам мәңгілік ел есінде қалады деп ойлаймын.

Иә, менің Әбсаттар атамдай тыл ардагерлерінің отансүйгіштік сезімдері мен еңбексүйгіштік қасиеттерінің арқасында еліміз жеңіске жетіп, бүгін бейбіт заманда, тыныш елде өмір сүрудеміз. Майдангер ардагерлер мен тыл ардагерлерлерінің ерлігі мен еңбегіне ұрпағы мәңгі тағзым етпек!

Гүлназ АМАНГЕЛДІ,
Қ.Нұрмаханов атындағы
№95 мектептің
7 сынып оқушысы

ҮЛГІЛІ САРБАЗ РАМАЗАН



Қасиетті Отанын қорғау жасы 18-ге тоған әрбір Қазақстан азаматының борышы.

Әрине қазіргі уақытта бозбалалар КСРО кезіндегідей емес арнаулы іріктеуден өтіп барып әскерге алына-тыны белгілі. Оны күнделікті өмірден көріп отырған жайымыз бар. Соның өзінде әскерге барғылары келмей қашыппысып жүргендер қатары

баршылық.

Қазір балаларымыз бұрынғыдай емес өз елімізде, өз жерімізде әскери борышын өтейді. Әскери тәртіптің жарғылары мен тәртіптері, тіпті тапсыратын әскери анттарына дейін өз ана тілінде. Таза жер, таза ортада борышыңды өтейсің. Киім, тамақ, жатын орын екі бастан мемлекет тарапынан. Бұрынғыдай әскери мерзім

2,3,4 жыл емес. Әскери борышын өтеп келген Қазақстан азаматы дегеннің өзі ата-анаңмен өзің үшін мәртебе. Әрине жастардың бәрін айыптаудан аулақпын. Отан алдындағы борыштарын абыроймен, шыдамдылықпен толық өтеп келіп жатырғандар баршылық. Солардың бірі де бірегейі қазалылық милицияның ардагері, менің құрдасым, әрі әріптесім Абдрахман (Антон) Бейсенәліұлының сүйікті немересі (14.10.2004 жылғы) Рамазан Жасұланұлы дер едім.

Кеше әлеуметтік желіден қазалылық сарбаздың Алматы қаласында журналистерге сұхбат беріп жатырғанын көріп қалдық. «Әке көрген оқ жонар» дегендей атасы Абдрахман 27 жыл пагон таққан тыныштық күзетінің үлгілі сарбазы бола білген еді. Немересі Рамазан да Алматы қаласындағы Б.Момышұлы атындағы 5571-ші әскери арнаулы полиция батальонында борышын өтеп жатыр екен. Сұхбатынан әскери өмірімен тәртіптің ерекшеліктерін өзінің қарапайым тілімен жеткізе білгеніне сүйсіндік. Ерлі

–зайыпты кәсіпкерлер әкесі Жасұлан мен анасы Нұргүлдің 4 ұл, 3 қызының ортасындағы еркелері Рамазанның елге қайтуына бір ай қалыпты.

Отан қорғау мерекесін Алматыда тойламақшы. Үлгілі тәртіпті, жан-жақты, әскерге жарамды, шымыр етіп тәрбиелеген Қазалыдағы ата-аналарына әскери бөлім командирлерінен жіберілген алғыс хаттары да бар екен.

Қарулы күштердің қару жарақтарын жақсы меңгергені, саяси сауаттылықпен спортқа өте бейімділігі үшін жоғарғы шенді командирлері тарапынан арнаулы төс белгімен, алғыс хатпен марапатталыпты.

Өткен жылдың 17-ші қазаны күні қасындағы қаруласымен бірге Алматының шет жағында патрульде жүріп ұстаған сезіктіден есірткі заттары табылып, қырағылығы үшін Алматы қалалық полиция департаментінің басшысының тарапынан бағалы және есірткіші сыйлық алған.

Рамазан баламызға Отан қорғау мерекең құтты болсын, ұзақта бақытты өмір сүре бер демекпін.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Ішкі істер қызметінің
ардагері

ОЛ БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН ЖЕТТІ



Ұлы Отан соғысының ардагері, 89 жастағы Ақтау қаласының тұрғыны Асан Аймағанбетов Берлин үшін қанды шайқастарға қатысып, Рейхстагқа Қызыл Тудың қалай ілінгеніне куә болды.

Асан Аймағанбетов отбасымен бірге облыс орталығында тұрып жатыр. 1925 жылы Сенек ауданында (қазіргі Қарақия ауданы, Сенек аулы) дүниеге келген. ХХ ғасырдың 30-шы жылдары қазақ даласындағы қуғын-сүргін салдарынан оның ата-

анасы Жаңғақ ойпатына (қазіргі Түркіменстан территориясы) қоныс аударды. Қарабоғаз аулында балық шаруашылығымен айналысты. 1942 жылы он жеті жасар Асан Аймағанбетов әскер қатарына шақырылды. Қарабоғаздық әскерге шақырылғандар бір айдың ішінде автоматтан оқ атуды үйреніп, кейін Бірінші Украина майданына жіберілді.

Асан ата әлі күнге дейін алғашқы жаумен жекпе-жегі ұмытқан жоқ. 1943 жылы

шайқастардың бірінде ауыр жараланды. Қан жоғалтып, ес-түссіз жатқан оны орыс медбикесі шанамен ауруханаға жеткізген. Бір ғажабы, аман қалған жауынгер сауығып, майданға оралып, Екінші Беларусь майданының құрамында соғысады.

Жас жауынгер Қызыл Армияның миллиондаған жауынгерлері сияқты Отанға қауіп төніп тұрғанын, жауды қандай жағдайда да жеңу керектігін түсінді. 1944 жылы

маршал Рокоссовскийдің басшылығымен Одер өзенінен өту кезінде Асан өз жерін шын сүйетін жауынгердің қандай қабілетті екенін көрсетті. Осы шабуылда көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін 3-дәрежелі Даңқ орденімен наградталды. Асан Аймағанбетов Ландсберг, Мезеритц, Цвикау, Цюлиххау қалаларын фашистік басқыншылардан азат етуге қатысты.

1945 жылы жауынгер Берлинді қоршауға қатысады. Қаланы азат ету кезінде көпқан төгіліп, фашистер ақырзаман келгенін сезінгендіктен, ашумен қарсылық көрсетті. Ардагер жауынгер Берлинді азат ету үшін шайқаста көптеген жолдастарынан айырылғанын еске алады.

«Рейхстагқа Қызыл Тудың қалай ілінгені әлі есімде. Барлығы жылап жатты...», – деп еске алады ақсақал көз жасын әрең басып.

Берлинді азат ету шайқастарына қатысқаны үшін Асан Аймағанбетов «Берлинді алғаны үшін» және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен наградталған.

Сонау Түркіменстаннан келген жиырма жасар Кеңес Армиясының жауынгері үшін соғыс Берлинде аяқталды. Бірақ қираған кеңестік экономиканы қалпына келтіру

міндеті тұрды. Сөйтіп Асан ата күл-талқан болған Украина жерін қалпына келтіру үшін сонда қалдырылды. Ал 1948 жылы елге оралды.

Туған жеріндей болып кеткен Түркіменстандағы үйіне келіп, Красноводск қаласының іргесіндегі Ақтас аулындағы құрылыс материалдары зауытына жұмысқа орналасты. Отбасын құрып, сегіз балалы болды. Ол зауытта зейнеткерлікке шыққанша еңбек етті. Бүгінде ақсақал сегіз баласынан ондаған немере, шөбере, шөпшек сүйіп отыр.

Бірнеше жыл бұрын ақсақалдың әйелі өмірден озып, өзін жалғыз сезінбес үшін келіні Зоя оған өте мұқият және сүйіспеншілікпен қарайды. Туыстары мен достары атасының хал-жағдайын білу үшін оларға жиі барып тұрады. Көбінесе ақсақалдың өзі туыстарына барып тұрады. Асан атаның дені сау, жігерлі, есте сақтау қабілеті күшті. Ол өзінің бүкіл әскери сапарын, өмірінің барлық кезеңдерін, өмірінде кездескен адамдардың есімдерін есте жақсы сақтайды.

Сабина САЯСАТҚЫЗЫ, Анель АСҚАРҚЫЗЫ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің студенттері, Алматы қаласы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КӨРСЕТІЛУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

*Мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидаттар негізінде көрсетіледі:

-көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне,

дінге көзқарасына, наным-на, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;

-мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалы көріністеріне жол бермеу;

-мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;

-мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

-мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

-мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

*Халықтың санитариялық-

эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге мыналар жатады:

1. Санитариялық-эпидемиологиялық қортындылар беру жөніндегі мемлекеттік қызметтер;

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне есептік нөмірлер беру және олардың тізілімін жүргізу;

3. Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өнімді мемлекеттік тіркеу;

4. Патогендік биологиялық агенттермен жұмыс істеуге

рұқсаттар мен оларға қосымшаларды беру, қолданысын қалпына келтіру, қайта ресімдеу, қолданысын тоқтату;

5. "Денсаулық сақтау саласында дезинфекция, дезинсекция, дератизация бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

Мемлекеттік қызметті алу-да жергілікті жердің халыққа қызмет көрсету орталықтары және Elicense.kz ақпараттық жүйесі арқылы өтініш жіберуге болады.

С.ТЕҢЕЛ, Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.